

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№436

2019 жылғы 19 маусым

**Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының [24-бабының 1\) тармақшасына](#), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» [бұйрығының 2-қосымшасымен](#) бекітілген, Іске асырылуы жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту тәртібінің 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесіндегі 57 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«57. Хромтау ауданының Хромтау қаласында 320 орынға арналған балабақша салу және техникалық қызмет көрсету».

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Б. БЕРКІМБАЕВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**